ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 5 ақпандағы №7119-24-00-2/419 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Косынбаева Бахыт Смагуловна» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Косынбаева Бахыт Смагуловна» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Косынбаева Бахыт Смагуловна» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Косынбаева Бахыт Смагуловна» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

«Косынбаева Бахыт Смагуловна» жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 05.02.2024
Дата вступления в законную силу: 13.03.2024, судья Тюлебекова Г. С., 14.03.2024
7119-24-3-1Л73

7 440 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын, 223 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж, барлығы 7 663 (жеті мың алты жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 05.02.2024

Дата вступления в законную силу: 13.03.2024, судья Тюлебекова Г. С., 14.03.2024

7119-24-3-1/173